

СЕЙКАЛИ МАДУАЦ, АЙДОС АБПАЗОВ,  
ЕЛЬБОЛ РАЙХАНҰЛЫ

ТЫВАЛАРДЫҢ КӨКМОНШАҚ РУЫ

В статье рассматриваются культура, традиции и обычаи, племенная система тувинцев китайских селений Аккаба и Калканас.

*Makalede Gin'in Akkaba ve Kalkanas bölgelerinde yaşanan tıvaların kültürü, örf-detleri ve soyluk sistemi v.s incelemektedir.*

Сібір даласындағы – түрік халықтардың бірі тывалардың өздері қоныстанған өңірден тыскары, Қытайда өмір сүріп жатқан бір бұтағы, бүгінде монгол атанып, ұлттық нанымын жоғалтып алу алдында тұр, олар әсілінде түрік тілді тывалар бола тұрсада өзгелер жағынан монгол аты телініп жүрген осы бір этникалық топ өздерін көкмоншаш атайды.

Бізіді қызықтырған осы бір азғана түрік халқының тарихы мәдениеті туралы 2006 жылы маусым және 2008 жылы қаңтар айында Қытайдың Шыңжаң өлкесі Қаба ауданының Аккаба қыстағы мен Буршын ауданының Қомқанас қыстактарына барып қайтып тывалардың көкмоншаш руы туралы алғашкы ізденістер жасады.

Тыва халқының түп тарихы теренде жатыр, б.з. VI-VII ғғ. жататын қытай деректерінде тывалар туралы көптеп мәліметтер кездестіруге болады. Айтальық, «Сүй патшалығының тарихы» атты кітаптің 84-шы томында теріскей тиек баянында «Солтүстік теңіздің (Байкал) күнгейінде тывалар отырады [1.210]», - деп жазылса, сондай-ақ «Жаңа Таң патшалығының тарихы» атты кітаптің 217-шы томында күйғұр баянында «Тыба (тыва) жерінің терістігі кіші теңізге, батысы кенгүнге (қырғыздар), түстігі күйғыра тіреледі. Олар үш ұлысқа бөлінеді, өздерін өзі билейді, халық салтында жыл қайыру болмайды, үйлерін шөптен тұрғызады, мал осірмейді, егіншілікті де білмейді, жерінде сарана көп өседі, соның тамырын қорек етеді. Онан тыс балық, құс, аң аулап күнелтеді. Сусар, бұғы терісінен киім киеді, кедейлері құстын қауырсынан киім тоқып алады. Құдаласқанда байлары қалын малға жылқы айдатады, кедейлері бұғы терісі мен шөптің тамырын береді. Өлгендерін ағаш табытқа салып таудың ішіне қояды немесе ағашқа асады. Өлімді ұзатқанда түріктер секілді жылайды. Жаза заны болмайды. Ұрылары ұсталып қалса, еселеп айып төлейді. Жынгуанның 21-ші жылы (647) сарайға кіндік қағанатқа елші жібереді [2.625]», – делінген. Сонымен бірге, «Генгүндерден шығысқа қарай жүргенде ағаш атты түріктердің тыба, бекер, қаңаш ұлыстары орналасқан. Олардың ұлыс бектері іркін делінеді, үйлерінің төбесін қайынтоған жабады. Жылқысынан сәйігүлік көп пығады, мұз үстінде ағаш аттарға мініп жүйткіп жүреді. Ағаш ат дегені аяғына тақтайды таңып бір таякты қолтығының астына тіреп тебініп қалғанда жүздеген адым жерге дейін әрі тез, әрі ағынмен аға жөнелетін шанғылар, олар түнде жортуылға шығып, күндіз үйлерінен шықпай жатады. Генгүндер оларды

өздерінің құлы есептейді [2.632]», – деп тывалардың тұрмыс-тіршілігі туралы нақтылы мәлімет береді.

Б.з. VII-IX ғғ. тывалар қырғыздардың билеп төстеуінде болды, оған дейін олар түрік қағанаты мен үйғыр хандығының қол астында болған, XIII ғасырдан бастап монғолдардың басқаруына қарайды. Бұл жайында «монголдың күпия шежіресінде» былай делінеді: «Қоян жылы (қызыл қоян жылы, 1207 жыл) Жошы орман елін басып алу үшін онқол шерік косындарын шығарып Бұха деген адамға жол бастатты. Ойраттың Хутуға begi түмен ойраты ен алдымен берілді. Осыдан кейін хутуға бек Жошыға еріп жол бастап түмен ойраттың елін аралатып, Шікшиң деген жерге апарады. Жошы осы жолында ойрат, ғұрият, барқұн, ұрсұрт, хаханас, ханғас, тубас (тыва) руларын қаратып сол аймақты тәуелді етеді [3, 165]», – дейді (бұл жердегі «тубас» деген сөз тываның көпше түрі тывалар деген мағынада). Енисей өзені алағын Шыңғысхан бағындырғаннан кейін тывалар 800 жылға жуық монғол аксүйектерінің билеп төстеуінде болған деуге болады. Ұзак уақыт тывалар монғолдардың қол астында болып аралас қоныстанғандықтан, тывалардың діни сенімі мен әдел-ғұрыптары монғолдардың ықпалына барынша ұшыраған. Олар будданың лама дініне сенеді, тұрмыс-салты да монғолдарға ұксап кетеді. Міне, осы себептердің нәтижесінде кейбір тывалар өз ұлтының атын тыва демей ұранхай монғолымыз, яғни «долан қошын ұраңхай» деп атаған, мұның түркі тіліндегі балама мағынасы «ұлан-ғайыр даланы мекендеген адамдар» деген ұғымды білдіреді [4.87]. Сондыктан да тывалар «ұранхай, сойот» деп әрқалай аталып кеткен [5.609]. Ал, кейбір ғалымдар «ұранхай» деген атпен тыва (тубалар), саха, якут, тұндік батыс Монғолияның түрік тілді этностарын атайды [6.188]. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шежіресінде: «Бұл ұранхай Қытайға қарайды, олар үлкен кімшікте, қосакөлде һем танну ола тауының он тұсында мекендейді. Олар өздерін тоба (тыва) деп атайды. Әлі күнге дейін түріктің ескі тілімен сөйлейді [7.51]», – деп ұранхай делиніп жүргендер тывалар, яғни түркі халқы екенін ашып айтады.

Ал, қазіргі Қытайдағы тывалардың едәуір бөлігі өздерін әлі күнге дейін ұранхай монғолымыз деп атап жүр.

Қытайдағы тывалар қазіргі кезде елдің Шыңжан-Үйғыр автономиялы өлкесінін, Іле Қазақ автономиялы облысы, Алтай аймағының Қаба ауданына қарасты Аққаба қыстағында, Буршын ауданының Комқанас қыстағында, Алтай ауданының Алакақ, Шеміршек қыстактарында тұрады. Тываның жалпы халық саны 3000-нан астам (тывалардың нақты халық саны туралы мәлімет болмады, себебі Қытай елінде жүргізілетін халық санағында тывалар монғол ұлтының қатарында саналып келді).

Енді, бұл тывалардың қайдан, қайжактан келіп шыққандығы туралы немесе олардың осы Қытай жерінде ұлт болып қалыптасқандығы жөнінде нақты бір қанағаттанарлық жауап таба алмадық. Сонда да кейбір кезігін әңгімелескен кісілердің сөздерін ескерсек, Комқанас қыстағындағы Жамбыл кіреуке (ұлты тыва) аксақалдың: «Біз Шыңғысханның ұрпағымыз,

Шыңғысхан таулы жермен соғыс аша отырып осы Қомқанас өніріне келгенде бұл өнірдің сұлу табиғатына, асқар тауына, тұнық көліне, ну орманына тәнті болып катты қызығып: «Мен жер әлемнің иесімін, мұнда монғол түру керек», – деп дүрбінұлыт деген тайпасын осында қалдырып басқаруға береді. Біз сол қалған тайпаның ұрпағымыз, менің 11-ші атам Мергін дашиң деген кісі Шыңғысханның жол бастаушысы болған, «Мәнжу құтбасы» деген кітапта:

Кер ат пен Қанаң суын кесіп отіп,  
Татар мен орыстың басын біріктірдім.

деген сол атамыздың бірауыз өлеңі бар», – деп айтыпты.

Ал, Акқаба қыстағындағы Солынғы (ұлты тыва) аксақалдан сұрағанымда: «Біздің арғы ата-бабаларымыз Байқал деген көлдің терістігінде болышты, Байқал деген сөз батпакты көл, батпакты бұлақ деген мағынада кейіннен сол жақтан жонғар хандығы бізді осы өнірге қол астындағы әскері ретінде алып келген, біз сонда мойнымызда көк белгісі бар әскери қосын екенбіз. Соңан көк моншақ атаныпсыз, сол көк моншақ біздің қазіргі ру атымызға айналды. Біздің бұл арага келгенімізге 300 жылдың көлемі болды», – деп айтады. Енді, Қомқанас қыстағындағы Мағыпер (ұлты қазак) аксақалдың айтуына қарағанда: «Шыңғысхан бұл өнірге келген, бірақ мұнда көп тұрмаған. Шыңғысхан келуден бұрын бұл арада Енисей қырғыздары болышты, Қомқанас көлінің аяғында сол Енисей қырғыздардың ұлken тастан жылған көне молалары бар, оны ғалымдар Енисей қырғыздарынің екенін дәлелдеді. Тывалар болса өздерінің тарихи дәстүрінде зират, мола жимайды. Ал, бұлар Шыңғысханның ұрпағымыз деп отырғаны ұзак уақыт монғол аксүйектерінің билеуінде болған өздерінің ұлтының атын монғол санап Шыңғысханға катты табынған, қазірдің өзінде әрбір тыва отбасында бірден Шыңғысханның суретінің ілінуі содан, – дейді.

Бұл өнірдегі тываларды жоғарыда айтқандай ұзак уақыт монғолдардың билеп төстеуінде болып Монғолияның Қобда өніріндегі монғол аксүйектеріне қарап, өздерін басқаруға төре алдырып отырған.

Өздерін байырғы монғол ұлтының бір тайпасы «Ұранхай монғолымыз» деп атап келген тывалар неге монғол емес? Бұған басты себеп олардың тілінде парық бар, тыва тілі түрік тілінің ұйғыр-оғыз тобына жатады, Қытайдағы тывалар да ұзак уақыт монғолдану процесі болса да көбі монғол тілінде, қазак тілінде еркін сөйлей алғанымен тывалар бүгінгі күнге дейін байырғы түрік тілін сақтап келген.

#### Мысалы:

Қытайдағы Тыва	Ресейдегі Тыва	Хакас	Қазак	Монғол
Даг	Даг	Taf	Tay	Уул

**Мадуан С., Абпазов А., Райханұлы Е. Тывалардың..**

Жылдыз	Сылдыс	Чылтыс	Жұлдыз	Од
Боран, үскен	Чаъс	Наңмыр	Жаңбыр	Бороо
Суық	Хем	Сүг	Өзен	Гол
Сиген	Сиген	От	Шөи	Өвс
Ыияш	Ыяш	Ағас	Ағаш	Мод
Кічі	Кижи	Кізі	Адам	Хұн
Авай	Ава(и)	Ижье	Шеше	Эх
Бөрү	Бөрү	Пүүр	Қасқыр	Чоно
Инек	Инек	Інек	Сиыр	Үнәэ
Эр дүнмай	Эр дунма (дунмай)	Ир тунма	Іні	Дүү
Сарғұс	Саржаг	Хаяғ	Сарымай	Шартос
Үшкі	Өшкү	Өске	Ешкі	Ямаа
Дүүн	Дүүн	Киже	Кеше	Өчогдөөр
Карак	Карак	Харах	Көз	Нұд
Ча	Ча	Охча	Садақ	Нұм

Жоғарыдағы кесте арқылы тыва тілінің Ресейдегі тыва, хакас тілдеріне және өзіміздің казак тіліне ұқсайтындығын, керісінше монғол тіліне ұқсамайтыны айқын көрінеді. Міне, бұдан монғолдар деп жансақ айтылып, жүрген ұлттың тыва ұлты екенін айқын анғаруға болады.

1976 жылды тамыз айында Қытай мемлекеттік ұлт істері комитетінің тапсыруы бойынша, Ішкі Монғол автономиялы районы ұлт істері комитетінің тыва тілін зерттеуші профессоры Шожынжап Алтайға келіп Қаба ауданының Аққаба қыстағы, Буршын ауданының Қомқанас қыстағы катарлы жерді аралап осы өнірді мекендеген тывалардың тарихи ахуалы, тілі, тұрмыс-салты т.б. жақтарына тексеру-зерттеу жүргізе келіп, олардың тыва ұлты екенін растайды. Сонымен катар, зерттеуші тыва жастарының жүйелі білім алуды үшін Тоды жазуынан қазіргі монғол ұлтының қолданып отырған Ходум жазуын қолдануы қажет дегенді ортаға салады. Алайда Қомқанас пен Аққабадағы тывалар өздерін тыва ұлты дегенге мойынсал бола қойған жок. Элде болса монғолмыз деп атаудан жазбады [4.88]. Шожынжап профессордың бұл реткі сапарында бірге болған Мағыпер аксақалдың айтудында: «Шожынжап тексере келе сендер тыва ұлтысындар, бірақ тыва ұлты болу-болмауды, монғол болу-болмауды өздерін белгілейсіндер,- дейді. Тывалар ақыры тыва болсақ ешкім білмейді, азғана ұлт қатарында қаламыз. Ал монғол болсақ әлем таныған Шыңғысханның ұрнағы боламыз. Бұрынғыдай монғол болып жүре берейік, – деп, бұл ел өздерін монғол деп атауды жөн көреді».

Ал, қазіргі уақытта тывалар казактармен және монғолдармен аралас қоныстанғандықтан, оның үстіне төңірегінің бәрі қазактар, сол себепті біріншіден, монғол, қазак тілінің әсері, екіншіден, қытай тілінің әсері де күшейіп келеді. Тывалардың балалары мектепте монғол тілінде оқиды.

Жоғары оқу орындарында монғол және қытай тілінде оқиды. Сондыктан Қытайдағы тыва тілі отбасы көлемінде ғана қолданатын тіл ретінде дамуда.

Тывалар монғол тілін, қазак тілін жақсы білетіндіктен тывалардың адам аттары, жер аттары тываша, қазақша, монғолша атаулармен де қатысты болып түрлі-түрлі болып аталады. Аққаба қыстағындағы тывалардың адам аттарын мысалға алсақ:

Солынғы – монғол тілінде «жанбырдан кейінгі кемпірқосақ» мағынасын білдіреді.

Аз жаргал – монғол тілінде «бақыт» деген мағынаны білдіреді.

Бота – қазақ тілінде «түйенің жас ботақаны» деген мағынаны білдіреді.

Маадыр – тыва тілінде «батыр» деген мағынада.

Төлеубай – қазақша адам аты.

Тывалардың қойған адам аттарынан олардың монғол және қазақ халықтарымен байланысының етene жақын екенін аңғаруға болады.

Тывалардың рулық жүйесі туралы айтар болсақ, өз ішінде көкмөншаш, қарасоян, ақсоян сынды үш ірі тайпасы бар. Көкмөншаш негізінен Қаба ауданының Аққаба қыстағында, Алтай ауданының Алағақ қыстағында орналасқан. Шамамен жан саны 2 мыңға жуық. Қарасоян негізінен Буршын ауданының Қомқанас қыстағында, шамамен жан саны мыңға жуық, Ақсоян негізінен Қомқанас, Алағақ қыстактарында, шамамен жан саны 300-ге жуық.

Тайпалар үлкен ұсак руларға бөлінеді. Рулардың атауы төмендегідей:



Қарасоян

қызылсоян

карасоян

картошы

шанақты

който

Аксоян екі руға бөлінеді.

Тывалардың рулық жүйесінің шежірелік дәстүрі әлі де сакталуда. Некелену салтында да қазактар секілді жеті атандың ішінен қыз алуына тыйым салынған.

Қытайдағы тывалардың қазіргі ахуалы, салт-дәстүрі, тарихы жөніндегі тексеруді негізге ала отырып Қытай жеріндегі тывалар мен Ресейдегі тывалар бір ұлт деген тұжырымға келе отырып, Қытайдағы тывалар осыдан үш-төрт ғасыр бұрын белгілі-бір тарихи себептермен бүгінгі қоныстанған өніріне көшіп келген. Алайда монғол ақсүйектерінің билеуінде болғандықтан, ұзак уақыт өздерінің ұлтының атынан айрылып, тыва демей монғол атальп келді. Ал, кейінгі 20 жыл көлемінде олар қайтадан тыва ұлты атана бастады. Қазіргі уақытта тывалар көрікті тау, өзен абзалдығынан пайдаланып саяхат кәсібімен де шұғылдануда, саяхатшыларға ұлттық мәдени дәстүрін таныстырып, ұлттық экономикасын өркендетуде.

Тарих керуені қанша ұзакқа созылса да, ұлт бар жерде сол ұлттың атабаба үрдісін жалғаған ұрпақ бар жерде, бір ұлттың тарихы із-дерексіз мүлдем өшіп кетуі мүмкін емес. Әсіресе, осы макаладағы деректердің көшілігі тывалар қоныстанған Аққаба қыстағының монғол бастауыш мектеп директоры Солынғы (ұлты тыва) ақсақалдан және Комканас қыстағында ұзак жыл қызметте болып тывалардың тұрмыс-салтымен әбден таныс Мағыпер Қатшанұлы (ұлты қазак) ақсақалдан ауызекі жазып алған мәліметтер құрады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүйнама. 84 том. Теріскейтиек баяны, қытай тарихнамаларындағы қазаққа катысты деректер. II том. Пекин, Ұлттар баспасы, 2003 ж.
2. Жаңа таңнама. 217 том. Құйғыр баян, қытай тарихнамаларындағы қазаққа катысты деректер. II том. Пекин, Ұлттар баспасы, 2003 ж.
3. Монголдың құпия шежіресі. Пекин, Ұлттар баспасы, 2005 ж.
4. Буршын ауданының тарихи материалдары. II том. Үрімжі, Шыңжан халық баспасы, 2002 ж.
5. Түркістан энциклопедиясы. Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2000 ж.

6. Карадаев О. Қырғыз этнонимдер сөздігі. Бішкек, Қырғыз-Түрік Манас университеті баспасы, 2003 ж.
7. Шәкерім Құдайбердіұлы. Түрік, казақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. Алматы, Олжас баспасы, 2004 ж.

### **RESUME**

**S.Maduan, A.Abpazov,  
E.Raihanuli (Turkistan)**

**The kokmonshak tribe of tuva**

**The article deals with the Tuva cultuire, customos and traditions, tribe system and etc. in Akkaba and Kalkanas settlements.**